



«Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат»

Виртуалды көрме



1941 - 1945

Құрметті оқырмандар!

«Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты виртуалды кітап көрмесі – соғыс жылдарындағы ерлік пен қайсарлықтың шежіресі.

Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл – тек тарихи күн ғана емес, халқымыздың қайсар рухын, батырлығын және жеңіске деген жігерін еске алатын маңызды сәт. Осы уақыт аралығында ұрпақтар жаңарып, заман өзгерсе де, майдангерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Бүгін біз сіздердің назарларыңызға сол зұлмат жылдардың шежіресін баяндайтын, жауынгерлердің өмірі мен жеңіске жету жолын көрсететін арнайы виртуалды кітап көрмесін ұсынамыз. Мұнда ардагерлердің естеліктері, соғыс жылдарындағы хаттар, тарихи зерттеулер мен көркем шығармалар топтастырылған.

Осы көрме арқылы біз бейбітшіліктің бағасын түсініп, ерлік пен қайсарлықтың мәңгілік екенін еске аламыз. Ерлік – ұмытылмайды, тарих – өшпейді! Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Бұл соғыс халқымыздың қайсар рухын, батырлығын, ел үшін жанын пида еткен боздақтардың ерлігін паш етті. Қазақстан жауынгерлері майдан даласында ғана емес, тылда да жанқиярлықпен еңбек етті. Осы көрме қазақ жазушыларының соғыс тақырыбындағы шығармаларын қамтиды. Сондай-ақ, Жамбыл облысынан шыққан Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы бірнеше тарихи кітаптар мен зерттеулер қойылды.

Елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай кітапханалар мен мәдениет мекемелерінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.



Ұлы Жеңіске – 80 жыл

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі»

Тарихымыздағы ең ауыр әрі қасіретті кезең – Ұлы Отан соғысы. Бұл жылдар халықтың басына түскен зор сынақ, қайғы мен қасіреттің, ерлік пен төзімділіктің көрінісі болды. Әр отбасы бұл соғыстың зардабын тартты, майдан даласында қаншама батыр ерлеріміз қаза болып, артында көз жасы мен сағынышы қалды.

Алайда халқымыз рухын түсірмеді, жүректеріндегі отанышылдық пен қайсарлықтың арқасында жеңіске жетті. Ұлы Жеңіс – тек майдан даласындағы жауынгерлердің ғана емес, тылдағы еңбек адамдарының, аналардың, балалардың, бүкіл халықтың ортақ жеңісі.

Бүгінгі бейбіт өмір – сол қиын-қыстау жылдары қанын төгіп, жанын қизан батырлардың бізге қалдырған аманаты. Бұл ерлік ұрпақ жадынан ешқашан өшпейді. Біздің міндетіміз – сол ерлікті ұмытпай, бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, татулықтың қадірін білу, болашақ ұрпаққа аманат ету. Бұл мерейтой – тек естелік қана емес, тарихтан тағылым алып, елдігімізді, бірлігімізді нығайтуға бастайтын маңызды белес. Ұлы Жеңіс мәңгі жасасын!

1941-1945 жж. – Ұлы Отан соғысының мерзімі

1 378 000 қазақстандық майданға аттанды

500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды

110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері атанды

Жеңіс күні – 09.05.1945 жыл.





"Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының батыр ұл-қыздары елін қорғап, ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова есімдері ерекше орын алады

Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, соғыс жылдарында ерлігімен танылған тұлға. Оның есімі Мәскеу үшін шайқастағы батырлығымен тарихта қалды. Батырлық пен әскери тактиканы ұштастыра білген Бауыржан Момышұлы өз естеліктері мен жазбалары арқылы кейінгі ұрпаққа соғыс сабақтарын қалдырды.

Әлия Молдағұлова – жауынгер-мерген, Отанын қорғау жолында ерлікпен қаза тапқан қазақтың қайсар қызы. Оның батырлығы жау әскеріне қарсы күресте ерекше көзге түсті. Жас болса да, ерліктің биік үлгісін көрсеткен Әлия бүгінгі ұрпақ үшін қайсарлықтың символына айналды.

Мәншүк Мәметова – пулеметші, өз өмірін Отан қорғауға арнаған батыр қыз. Жауынгер жолдастарымен бірге соғысқа қатысып, соңғы демі қалғанша шайқасты. Оның батырлығы қазақ әйелдерінің қайтпас қайсарлығы мен ерлігін дәлелдеді.

Осылайша, Б.Момышұлы, Әлия, Мәншүк – әрқайсысы өз жолымен майдан даласында және рухани майданда жауға қарсы тұрған тұлғалар. Олардың ерлігі мен еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.






*Аға буынның теңдессіз ерлігін құрметтеп,
зұлмат соғыстың зардаптарын ұмытпау – біздің
қастерлі борышымыз*

*Қ.К.Тоқаев
Қазақстан Республикасының Президенті*





«Әр кітап – сол бір зұлмат жылдардың үнсіз куәгері, әр кейіпкер – уақыттың аманаты. Келіңіз, бірге парақтайық...» Олардың әр бетінде майдан даласындағы ерлік пен тылдағы қажырлы еңбек көрініс табады. Бұл шығармалар – тек қана тарих емес, сол бір дәуірдің тірі куәгерлері, жүрекке жетер жанайқайы. Әр жолынан сарғайған хаттардың иісі аңқып, әр кейіпкердің тағдыры арқылы өткеннің үні естіледі. Біз оларды оқи отырып, батырлардың рухына тағзым етіп, бейбіт күннің қадірін тереңірек сезінеміз. Ендеше, осы кітаптар арқылы сол бір қиын кезеңнің сырын бірге ұғынайық, естеліктерді бірге тірілтейік!













*Мен – жауынгермін, мен жазушымын.
Жасқанып өскен жаумен жағаласа
алмайды. Жастарды біз ержүрек етіп
тәрбиелеуге міндеттіміз.*


*Бауыржан Момышұлы
Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының
батыр, жазушысы.*

*Жүректерді ауыртар,
Енді соғыс болмасын!
Қасыреттен қайғырып,
Елім жаурап, тоңбасын.
Жеңіс күні құтты боп,
Бар жақсылық орнасын.*





**63.3(5Қаз)622 Көлбаев, Т. Бәрі де майдан үшін,
К49 бәрі де Жеңіс үшін! [Мәтін] / Тілеу
Көлбаев. - Алматы: Асыл сөз, 2015. -
384 б.**



Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Қазақ баспасөзіне сіңірген айрықша еңбегі үшін» дипломының иегері Тілеу Көлбаевтің «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» кітабында ел басына күн туған ауыр жылдарда қан майданда жаумен жағаласқан, тылда тынымсыз еңбек етіп, соғыс қиындықтарына төзе білген, Ұлы Жеңіске лайықты үлес қосқан Қазақстан еңбекшілерінің патриоттық істері жайлы сөз етіледі.

Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың майдан мен тылдағы ерен ерліктері ешқашан ұмытылмауы тиіс. Аға ұрпақтың ерлігі жастарға өшпес үлгі - өнеге болып қала береді. Қаһармандар ісін көпшілікке насихаттау, сөйтіп жас буынды патриоттыққа, отансүйгіштікке баулу - қасиетті парыз.

Кітап мұрағат құжаттары мен уақыт сынынан өткен, жарияланған деректердің, соғыс пен тыл ардагерлерінің естеліктері негізінде жазылған. Сондай-ақ, автордың ғылыми басылымдар мен Республикалық баспасөзде жарық көрген мақалалары мен очерктері кітаптың негізгі арқауы болған.

Бұл кітап – майдан мен тылдың бірлігін, халқымыздың қажыр-қайраты мен жанқиярлық еңбегін баяндайтын құнды еңбек. Тарихтан тағылым алып, өткеннің өнегесін ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз.

Ерлік ұмытылмайды, еңбек еленеді!

Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!


63.3(5Қаз)622 Аупбаев, Ж. Рухы күштілер [Мәтін] : Ұлы
А91 Жеңістің 70 жылдығына / Жанболат
Аупбаев.; [арн. Ж. Аупбаев]. - Алматы:
Раритет, 2015. - 400 б.



Алапат соғыстың от пен жалынына оранған КСРО-ның еуропалық бөлігіндегі ұлы шайқаста өзге ұлт өкілдерімен қатар қазақ сарбаздары мен сардарларының да ерекше көзге түскені әлем жұртшылығына мәшһүр. Олар сол кездегі ортақ Отанымыздың астанасы Мәскеу мен Сталинградты жаудан қорғап, Берлинге дейін барды, Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып ту тікті. Фашизмді түбегейлі тізе бүктіру үшін Квантун армиясын Қиыр шығыстан түре қуып, Тынық мұхиты жағалауына дейін жетті.

Елімізге танымал белгілі журналист Жанболат Аупбаевтың бұл «Рухы күштілер» атты кітабына енген мақалалары мен сұхбаттарында Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен қазақ жауынгерлері мен офицерлерінің жанқиярлық істері мен жеңілмес рухы өзек болған. «Рухы күштілер» кітабында кейіпкерлердің ерік-жігері, ұстанымдары мен өмірлік күресі оқырманға қайсарлықтың, рух беріктігінің мәнін тереңірек түсінуге жол ашады.

821.512.122 Момышұлы, Б. Москва үшін шайқас [Мәтін] : роман / Бауыржан Момышұлы. - Қарағанды: Qasym, 2022. - 518 б.



Соғыс – адамзат тарихындағы ең ауыр сын. Ал Мәскеу түбіндегі шайқас – сол сұрапыл күндердің ең қатал, ең шешуші сәттерінің бірі. Бұл – миллиондаған жүректі оттай шарпыған, ерлік пен қайсарлықтың шын мәнінде сынға түскен кезеңі.

Қолдарына қару ұстап, қасық қаны қалғанша жаумен айқасқан жауынгерлердің арасында қазақ даласының ер ұлдары да бар еді. Солардың бірі – Панфилов дивизиясының даңқты сарбазы, батыр қолбасшы, әскери стратег Бауыржан Момышұлы. Ол тек майдан даласында ғана емес, кейін қаламын қаруға айналдырып, сол күндердің ақиқатын келер ұрпаққа аманат етіп қалдырды.

«Москва үшін шайқас» – тек соғыс тарихы ғана емес, бұл – жауынгерлердің рухы, жан азабы мен жеңіс жолындағы қайсарлығы туралы баян. Автор сол күндердің әр сәтін жүрекпен сезініп, әр жолын қанымен жазғандай әсер қалдырады. Бұл шығарма – ұмытылмас ерлік шежіресі. Бұл - біздің ата-бабаларымыздың қанымен, терімен, жанымен жазылған қасиетті тарих.


821.512.122
Қ23

Қайсенов, Қ. Жау тылында [Мәтін] : (халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтің 100 жылдығына) / Қасым Қайсенов. - Алматы: Өнер, 2018. – 384 б.

Қазақ халқының даңқты ұлдарының бірі, ержүрек партизан, жазушы Қасым Қайсеновтің бұл кітабы – соғыстың қанды жылдарындағы батырлық пен жанқиярлықтың айқын көрінісі. "Жау тылында" – автордың өзінің басынан өткен оқиғаларға негізделген, тарихи шындыққа құрылған, ерекше құнды шығарма.

Бұл туынды тек әскери мемуар ғана емес, сонымен қатар ұлт рухын көтеретін, жас ұрпақты батылдық пен адалдыққа тәрбиелейтін шығарма. Оқырман бұл кітаптан соғыстың қатал шындығын көріп қана қоймай, қайсарлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің шынайы үлгісін табады.

Қасым Қайсеновтің естеліктері – тарихымыздың маңызды бөлігі, ұмытылмас ерліктің дастаны. Бұл кітапты оқи отырып, әр қазақ баласы ата-бабасының қайсар рухына бас иетіні сөзсіз.



821.161.2 Алексиевич, С. Соғыстың сұрқы әйелге жат [Мәтін] / Светлана Алексиевич. ; [ауд. М.Хасен ; "Мазмұндама" қоғамдық қоры]. - Алматы: Мазмұндама, 2022. - 380 б.

A42



Светлана Алексиевичтің «Соғыстың сұрқы әйелге жат» кітабы – Екінші дүниежүзілік соғыстың әйел тағдырларындағы бейнесін терең әрі шынайы ашатын туынды.

«Соғыстың сұрқы әйелге жат» - соғыс туралы әлемдегі ең әйгілі кітаптардың бірі. Ол жиырмадан астам тілге аударылып, көптеген елдің мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламасына енген. Қарапайым майдангер әйелдердің естеліктерінен тұратын бұл еңбек - соғыстың адам төзгісіз жағдайларында өмір үшін жанталасқан әйелдің рухани әлеміне үңілудің озық үлгісі.

Автор әйелдер дауысы арқылы соғыс туралы қалыптасқан дәстүрлі түсінікті бұзуға тырысты. Әдетте, соғыс ерлік пен батырлық, жеңіс пен даңқ тұрғысынан суреттеледі.



**94(574)(084) ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН - РАҚЫМЖАН
Ж47 ҚОШҚАРБАЕВ [Мәтін] : фотоальбом**
/ [құрастырушы Ә. Көпіш]. - Алматы:
Өнер, 2024. - 240 б.


Қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған есімдердің бірі – Рақымжан Қошқарбаев. Арғы-бергі тарихымызда халқымыздың басынан қаншама қиын кезеңдер өтті. Солардың ең соңғыларының бірі 1941-1945 жылдар арасында жер-жаһанды дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы еді. КСРО құрамында тұрған Қазақстан азаматтары да сол кезеңде неміс фашистеріне қарсы қан майданға аттанды. Қазақ халқының асқақ рухты ұлдары мен қыздары қырғын қантөгістің алдыңғы шебінде Отан үшін жан алып, жан бере арпалысты. Мыңдаған боздақтар мерт болды. Қазақ халқының Қаһарман Перзенті - Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған бұл фотоальбомда біз - еліміздің көне қазыналарын бұрыннан терең зерделеп, жинақтап келе жатқан - республикалық «Өнер» баспасы болып, барынша зор мән беріп - Батырдың жеке Тұлғасы мен Тағдыры арқылы көне бабалар жортқан заманалармен бірге біздің осы - XIX, XX, XXI ғасырларға дейінгі Тарихи Ақиқат жолын бүгінгі оқырман қауымға анықтап жеткізілген. Бізге қан майданды кешіп жеткен Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсеновтер - қайтпас-қайсар биік рухтарымен халқымызды адамзат тарихындағы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның Көк Туын көтеруге бастап әкелген қаһармандар!!! Ендігі ұрпақтарымызды Тәуелсіз Қазақстанымыздың келешегіне тікелей апара жатқан да осы - әділетті, асқақ рух. Бұл фотоальбомда Қаһарман халық Перзенті Рақымжан Қошқарбаевтың жастық шағы мен майдандағы қан кешкен күндері, бейбіт замандағы өмірі кең тарихи панорамада қамтылған.

Осы фотоальбомды қолға алған әрбір оқырман Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігіне тағзы бір рет көз жеткізіп, оның қайтпас қайсар рухынан нәр алады деп сенеміз.


Ұрпаққа аманат – батырдың ерлік жолы!



94(574) H86 Сағадат Нұрмағамбетов - Халық Қаһарманы
№1 [Мәтін] : [фотоальбом] / [құраст.
А.С. Нурмагамбетова]. - Алматы: Баспа Алтын
Кітап, 2024. - 368 б.



«Сағадат Нұрмағамбетов - Халық қаһарманы» фотоальбомы №1 Халық қаһарманы, Қазақстан Республикасының Бірінші Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған. Басылым беттерінде 1942 жылдан бастап Қызыл армия қатарында взвод, рота, батальон командирі - офицер пулеметшіден бастап қызмет етіп, Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған, Берлин шайқасына қатысып, императорлық рейхсканцелярияға шабуыл жасау кезінде батальонды басқарған атақты әскери қолбасшының өмірі мен қызметі көрсетілген. Егемен Қазақстан армиясының құрылуына Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов баға жетпес үлес қосты. Оның Ұлы Отан соғысының ардагері, дана әскери қолбасшы ретіндегі бай тәжірибесі Қарулы күштеріміздің негізін қалауға көмектесті. «Жас ұлан» әскери мектебі мен Құрлық әскерлерінің Әскери институты Сағадат Нұрмағамбетовтің есімімен аталады. Әрбір сурет оның тұлғалық биіктігін, қайраткерлігін, жас ұрпаққа үлгі боларлық қасиеттерін айшықтай түседі. Осы жинақ Сағадат Нұрмағамбетовтің есімін құрметтеп, оның рухына тағзым ету ғана емес, сонымен қатар, өскелең ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттыруға, тарихымызды тануға қосылған құнды еңбек деп білеміз. Ерлік пен елдік жолында аянбай қызмет еткен батырдың жарқын бейнесі әрдайым жадымызда сақталады!



**358.43(092)
Б37**

Бегельдинова, О.Ж. В небе он был неустрашим. Талгат Бегельдинов Аспанда үрей дегенді білмеді. Талғат Бегелдинов / Бегельдинова Орындибике Жекеновна. - Алматы: [б. и.], 2022. - 360 б.

Ұлы Отан соғысындағы шабуылдаушы ұшқыштардың ерліктеріне арналған тарихи кітап. Оның бас кейіпкері - екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, Еңбегі сіңген әскери шабуылдаушы ұшқыш, авиация генерал-майоры Талғат Яқубекович Бегелдинов.

"Бигельдинов" фотоальбомы – аңызға айналған ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигельдиновтың ерлігі мен өмір жолын бейнелейтін ерекше кітап. Бұл альбом тарихи суреттер мен құнды мұрағаттық материалдар арқылы батырдың балалық шағынан бастап, соғыс жылдарындағы қаһармандық сәттерін, бейбіт өмірдегі еңбегін көркем жеткізеді. Оның әскери ерліктері, жауынгер достары, әуе шайқастарының көріністері оқырманды сол кезеңнің рухына жетелейді.

Батырдың керемет бейнесі күнделікті өмірінен, майдангер достарымен қарым-қатынасынан, жолдасын құтқару үшін өмірін беруге дайын жанқиярлығынан айқын көрінеді. Кітаптың беті көп емес, бірақ әрқайсысында жанқиярлық ерлігі, жеңіске деген шексіз ерік-жігері туралы қызықты оқиғалар суреттеледі. Бұл кітап – тек бір тұлғаның емес, тұтас бір ұлттың қайсар рухының айнасы. Талғат Бигельдиновтың өмірінен шабыт алғысы келетін әрбір жанға арналған баға жетпес мұра.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.



929:087.5 Тілеген, А. Мәншүк Мәметова
T93 кім? [Мәтін] / Асылан Тілеген; сурет.
Т.Мұзафар. - Алматы Мазмұндама,
2024. - 100 б.



Асылан Тілегеннің «Мәншүк Мәметова кім?» атты кітабы 2024 жылы жарық көрді. Бұл туынды «Мазмұндама» баспасының қолдауымен «Ол кім?» сериясы аясында басылып шықты. Кітапта Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың балалық шағынан бастап, майдандағы ерліктеріне дейінгі өмір жолы баяндалады. Автор шығарманы жазу барысында көптеген деректерді зерттеп, батырдың замандастарының естеліктеріне сүйенген.

Бұл кітап жас оқырмандарға Мәншүк Мәметованың қайсарлығы мен ерлігін таныстырып, патриоттық сезімдерін оятуға бағытталған.




Ұмытпа, сен

Біз соғыстық, төктік қанды,
Жауды да біз қақтық жерге,
Тамсандырдық мырзаларды
Табынатын немістерге!
Ойлады олар: Совет елін
Бір соққыдан қалмайды деп,
Қуанды олар! Совет елін
Гитлер таптап, жалмайды деп.
Күлмек еді көп мырзалар,
Күлмек тұрсын, күңіренді олар,
Улады олар, шулады олар,
Шулай берсін көп қарғалар!
Өз заңымыз, өзімізде,
Тындамаймыз өзге заңды!
Пысықтатқан Ленин бізге:
Жаңартуды жер-жаһанды.
Бастап бізді өзі Ленин.
Майдандарға кірдік еркін.
Алдық сығып жаудың жанын,
Қалдық сақтап жаһан көркін:
Тілемейміз соғысты біз,
Аямаймыз соқтыққанды
Ол үшін біз - күшейтеміз
Шындай түсіп Ұлы Отанды!

Әбділдә Тәжібаев

63.3(5Қаз)622 Көлбаев, Т. Өшпес даңқ [Мәтін] :
К67 қазақтың 100-ші және 101-ші ұлттық
атқыштар бригадалары / Тілеу Көлбаев. -
Алматы: Азия-Арна, 2013. - 480 б.



Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, “Қазақ баспасөзіне сіңірген айрықша еңбегі үшін” дипломының иегері. Тілеу Көлбаевтың «Өшпес даңқ» кітабында Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда жасақталған 100-ші, Ақтөбеде жасақталған 101-ші қазақтың ұлттық атқыштар бригадаларының өмір-тіршілігі, Отан қорғауға қалай дайындалғаннан бастап, отты жылдар кезіндегі жорық жолдары мен жекелеген жауынгерлер ерлігі сөз етіледі. Кітап мұрағат құжаттары мен уақыт сынынан өткен, жарияланған деректердің, соғыс пен тыл ардагерлерінің естеліктері негізінде жазылған. Кітапта 980 майдангердің қай жерде қаза тауып, қай жерде жерленгені және олардың туған-туысқандары жайлы мәлімет берілген. Бұл кітап – тек өткенді еске алу емес, ұрпаққа аманат. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, даңқ өшпейді. Батырлардың есімі келер ұрпақ жүрегінде мәңгі сақталмақ.



**63.3(5Қаз-4Жам)622 Жамбыл облысы Ұлы Отан
Ж25 соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)**

[Мәтін] : [Ғылыми-көпшілік бас.] -
Алматы: Арыс, 2015. - 584 б.



«Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)» атты кітапта Жамбыл облысы халқының тыл жұмысындағы еңбегі күнделікті өмір тарихы тұрғысынан баяндалады. Еңбек архивтік құжаттарда, соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдарда, сондай-ақ көзі тірі майдангер және тыл ардагерлерінің көрсетулерінде берілген фактілік материалдарға негізделген. Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы даярлаған бұл кітапта сонымен бірге арамызда жүрген майдангерлер мен тыл ардагерлерінен алынған сұхбаттар мәтіні берілді.

Қосымша ретінде тақырыпқа тікелей қатынасы бар деген құжаттық материалдар топтастырылған.

Кітап Отан тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға, студент жастарға, жалпы көпшілік қауымға арналады.

Ұлы Отан соғысы – халқымыздың басынан өткен ең ауыр да қасіретті кезеңдердің бірі. Бұл кітап – Жамбыл облысының соғыс жылдарындағы ерлігі мен еңбегінің айғағы, тарихтың үнсіз куәсі.

Бұл кітап – ұрпаққа аманат, ерлікке тағзым, тарихқа құрмет!




63.3(5Қаз-4Жам)622 Рысдәулет, М. Жамбыл батырлары
Р94 [Мәтін] : (Жамбылдық Совет Одағының Батырлары мен "Даңқ" орденінің толық кавалерлері туралы деректер мен дәйектер) / Мақұлбек Рысдәулет. - Алматы: Тоғанай Т, 2015. - 336 б.

Журналист-жазушы, мұрағаттанушы **Мақұлбек Рысдәулеттің** мұрағат құжаттарына негізделген жаңа кітабы нақты деректерге толы. Ең бастысы, осы уақытқа дейін нақтыланбаған «Жамбылдық Совет Одағының Батырлары қанша?» деген сауалға жауап береді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай шығарылған бұл туынды сонысымен құнды. Кітапта жамбылдық Совет Одағының Батырлары мен «Даңқ» орденінің толық иегерлерінің ерлігі мен өмірі туралы сыр шертіледі. Сонымен бірге Жамбыл облысында туып-өскен, қызмет бабымен келген, осы жерден мәңгі сая тапқан Батырлар туралы да деректер келтіріледі. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы облыстың тыныс-тіршілігінен құнды дерек көзі болып табылатындығы анық.

Ұлт тарихы туралы хабар беретін деректер мен дәйектер де жеткілікті.


Кітап қалың оқырманға, ғалымдар мен студенттерге, өлкетанушылар мен зерттеушілерге құнды – оның ерлерінің ерлігімен өрнектеледі. Жамбыл өңірі – талай батырды дүниеге әкелген қасиетті мекен.



**63.3(5Қаз-4Жам)
Е77**

Еріне қарап, елін таны [Мәтін] :
жамбылдықтар отты жылдар қаһармандары
/ [жалпы ред. бас. Елен Әлімжан ; құраст.
Тұрсынхан Толқынбайұлы]. - Алматы:
Серикбаева А.М., 2016. - 408 б.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып шығарылып отырған бұл кітапта Жамбыл облысынан аттанып, екінші дүниежүзілік соғыс майдандарында ерліктерімен өздерін мәңгі даңққа бөлеген Кеңес Одағы Батырлары мен Даңқ ордені толық иегерлері, әскери бөлімдерді басқарған сардарлар мен қатардағы жауынгерлер жайлы әр жылдары республикалық, облыстық, аудандық газеттерде жарияланған көркем очерктер мен мақалалар қамтылып отыр. Сондай-ақ майдангерлердің естеліктері, елге жазған хаттары, ұрыс даласынан оралмаған ақындардың өлеңдері, тылда жанкешті еңбек еткендер мен балалығын соғыс жұтқан ұрпақ өкілдерінің толғаныстары да берілген. Соғыс ардагерлерінің отбасылық жеке қорларынан, жергілікті мұражайлардан, мемлекеттік мұрағаттан алынып берілген фотосуреттердің де ұқтыраны көп. Сол сұрапыл жылдардың шындығын біліп, Ұлы Жеңістің қаншалықты құрбандықпен, ауыр азаппен, қиыншылықпен келгенін, маңызын түсінуге, аға ұрпақтың ерлік жолына қанығуға көмектесетін кітап жастарға, өлке тарихын зерттеушілерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.



63.3(5Қаз-4Жам)622 349 Зерде кітабы [Мәтін] 1941-2005 жж.
қайтыс болған Ұлы Отан соғысының ардагерлері (Тараз қаласы, Байзақ, Жамбыл аудандары). - Тараз: Сенім, 2009. - 496 б.


«Зерде» естелік кітабы бұған дейін шығарылған Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқандар, соғыстан аман елге қайтып, ортамызда жүрген ардагерлер, Кеңес Армиясының сапында Ауғанстанда борышын өтегендер туралы шығарылған кітаптардың жалғасы және соңғысы боп табылады. 3 томнан тұратын бұл кітапта майданнан көп, еңбекке араласып, қайтыс болғандар қамтылған. Кітап Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында шығарылған.

Ұрпаққа өнеге, елге аманат болған өткен күндердің өшпес ізі – тарих. Ал сол тарихтың жүрек сыздатар, жан тебірентер парақтары – соғыс жылдары. Бұл кітап – тек есімдер тізімі емес, бұл – ерлік пен қайсарлықтың куәсі, жанқиярлық пен Отанға деген сүйіспеншіліктің белгісі.


Құрметті оқырман, осы кітаптың әр беті – жауынгерлердің жанқияр ерлігінің жаңғырығы. Біз олардың есімдерін ғана емес, рухын да жадымызда мәңгі сақтауға тиіспіз. Өйткені, өткенді ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр.

Ардагерлеріміздің даңқы арта берсін!

Олардың ерлігі – мәңгілік!



63.3(5Қаз-4Жам)622 Б70 **Боздақтар** [Мәтін] : Жамбыл облысы. Т. б. (Ескерткіш кітап) / ред. Сәтібеков Ж.Ж. - Тараз: Рысбаева және К, 2002. – 558 б.



"Боздақтар" жинағының VI томы Жамбыл облысынан шыққан, Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш кітап болып табылады. Бұл том 2002 жылы Тараз қаласында жарық көрген және 558 беттен тұрады.

Кітапта Жамбыл облысының әртүрлі аудандарынан шыққан жауынгерлердің өмірбаяндары, олардың туған жерлері, әскери қызметтері, майдандағы ерліктері және қаза тапқан жерлері туралы мәліметтер қамтылған. Сонымен қатар, олардың марапаттары мен естеліктері де берілген.

Бұл жинақ соғыс тарихын зерттеушілер, іздеушілер және туған-туыстарын жоқтаған жандар үшін құнды дереккөз болып табылады. Ол соғыс құрбандарын ұмытпай, олардың ерлігін кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында құрастырылған.

"Боздақтар" жинағының VI томы соғыс жылдарындағы ауыр кезеңдерді еске салып, бейбітшіліктің құнын түсінуге көмектеседі.

Қорыта келгенде, бүгінгі бейбіт күніміз – сол сұрапыл соғыста жанын қиған батырларымыздың, майдан мен тылдағы халқымыздың ерен еңбегінің жемісі

Тарихи сабақ пен ұрпаққа үндеу: "Бұл көрме – өткеннің өнегесін ұрпаққа жеткізудің бір жолы. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары халқымыздың қайсар рухы мен бірлігін дәлелдеді. Батырларымыздың есімі мәңгілік жадымызда. Біз олардың аманатына адал болып, бейбітшіліктің қадірін білуіміз керек.

"Ұрпақтар сабақтаслығы: «Соғыс жылдарында қаншама қазақ жауынгері майдан даласында ерлік көрсетіп, тылдағы азаматтар жанқиярлықпен еңбек етті. Бұл – әр ұрпақ жадында сақталатын ұлы ерлік. Бүгінгі жас ұрпақ ата-бабасының батырлық жолын білуі тиіс, өйткені тарихын білген ел ғана болашаққа сенімді қадам басады.

"Ерлікті ұлықтау: «Ұлы Отан соғысы – тарихымыздың ұмытылмас белесі. Осы көрме арқылы біз сол заманның қаһармандарын еске алып, олардың ерлігін ұлықтауды мақсат еттік. Бұл кітаптар – ұрпаққа мұра, батырларымызға тағзым. Бейбіт өміріміз баянды болсын!

Батыр бабаларымыздың ерлігі жүректерде мәңгілік сақталсын.

Ұмытпайық. Ұлықтайық. Ұрпаққа аманаттайық!



Назарларыңызға рақмет!

Виртуалды көрме Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз
ету бөлімінде жасалды.



okkzh_taraz



Тараз Қалалық Кітапханасы



<http://libr.e-taraz.kz/kk>